



# ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР, НОРМАЛАР ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Орындаған: Кукеева Камилла, Әмірханов Ақниет

---



# ЖОСПАРЫ

1. Қажеттілік – психологиялық жағдай
  2. Қажеттіліктер мен құндылық бағдарының байланысы
  3. Қызығушылықтың бағыттылығына адамның бейімділігі мен қабілеттілігінің әсері
  4. Қызығушылық түрлері
-

Әрбір тірі ағза, өмір сүру үшін сыртқы ортадан алынатын белгілі бір жағдайлар мен құралдарға мұқтаж болады. Мысалы: өсімдік дұрыс өсуі үшін күн сәулесіне, жылылыққа, топырақтан алатын дымқылдыққа және қоректік заттарға мұқтаж. Қандай да бір белгілі қажеттілікті сезінудегі адамның психикалық жағдайы қажеттілік деп аталады



Адам қажеттілігі оның өмір барысында көбейіп және өзгеріп отырады: адамдық қоғам өзінің мүшелері үшін жаңа қажеттіліктерді тудырады. Қажеттіліктердің жаңарып отыруына қоғамдық өнеркәсіптердің тигізетін маңызы зор

## ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЕКЕНДІГІНІҢ ЕРЕКШЕ СИПАТТАМАЛАРЫ:



1. Қажеттіліктердің нақты мазмұнды сипаты: заттың (киімге қажеттілік) және функционалды қажеттіліктер.
2. Қажеттіліктің эмоцианалды жағдай сипатымен аңғару.
3. Қажеттілікті қанағаттандырудағы эмоцианалды – еріктік жағдай.
4. Бұл жағдайлардың әлсіздеуі немесе толығымен жоғалуы.
5. Қажеттілік негізінде жатқан мұқтаждықтың қайтадан көрінуі.



Адам қажеттіліктері сан алуан. Оларды әдетте материалды (тамаққа, киімге, үйге, жылуға т.б. қажеттілік) және рухани, адамның қоғамдық өмір сүруімен байланысты (қоғамдық іс – әрекетке, білім алуға, ғылым мен өнерде меңгеруі, шығармашылыққа және т.б. қажеттілік).

Бұлай бөлу қандай да бір деңгейде шартты түрде болып келеді. Шын мәнінде адамда қоғамдық сипатта болмайтын бір де бір қажеттілік жоқ. Материалды қажеттіліктер, бір жағынан организмнің биологиялық функциясы сияқты, әлеуметтік сипатта.

Қоғамдық өмір процесінде адамда белгілі дәмдік ерекшеліктерімен ерекшеленетін тамаққа деген қажеттілік туындайды. Қазіргі адамдарға арнайы жабдықталған, оның гигиеналық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыратын үйлер қажет





Адамның іс – әрекетінде және өмірінде еңбекке, оқуға, адамдармен қарым – қатынастың, эстетикалық қажеттіліктердің мәні зор. Адам өзінің материалды қажеттіліктерін инстинкті түрде емес, еңбек көмегімен қанағаттандырады. Қазіргі заман адамы өзін тойындыру немесе киім киуі үшін қажет өнімді өзі өндірмейді, олардың барлығын қоғамнан алады, ол өзі қоғамның басқа қажеттіліктерін өндіру үшін еңбек етеді. Қоғамдық еңбек адамның өмір сүруінің шарты. Еңбекпен бірге еңбек процесінің іс – әрекетін меңгеру барысында оқуға деген, білімге деген қажеттілік те дамиды. Тұлғаның басты сипаты эстетикалық қажеттілік, яғни қандай да бір шығармашылық саласындағы немесе өнердің басқа бір түріне деген құштарлық. Бұл қажеттілік қоғамның ерте тарихи кезеңінен бастап көріне бастаған. Адам ең алғаш еңбекпен шұғылдана бастаған кезде – ақ өзі жасаған құралдарға, заттарға эстетикалық жағымды формалар беріп, оларды алдымен жеңіл, кейінірек күрделі суретшілік орнаменттермен көркемдеп, өздерінің табиғи эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра бастаған.

---

## Адамның өміріндегі қажеттіліктері оның «құндылықтар бағдарымен» тығыз байланысты

«Құндылықтар бағдары» адамның іс-әрекетінің, қылықтарын байланыстыратын әр түрлі жолдары мен білімдер жүйесі ретінде көрінетін буыны. Қазіргі психология мен әлеуметтану адамның қылығына реттеу жасады, «құндылықтар бағдары» ең негізгі категория болып табылады

«Құндылықтар бағдары» көптеген пәндердің қақтығысында пайда болды – құндылықтар философиясы, оксиология – құндылықтар теориясы, философиялық және мәдени антропологияда, әлеуметтануда, әлеуметтік психологияда және жалпы психология, сонымен бірге көптеген бағыттарда, теорияларда және осы салалардағы ағымдарда қалыптасқан.

Философиялық – әлеуметтік ол «нормалар және құндылықтар» категориясына, нормативті – құндылық жүйесі және әлеуметтік әрекет, нақты әлеуметтік дисциплина циклінде – мотивациялық және адамдардың іс – әрекетін басқарудағы категорияның, әлеуметтік – психологиялық және психикалық дисциплина циклдерінде. Мінез құлық механизмдері және адамдардың іс – әрекеті, олардың регуляция категориясына жатқызылды. Қазіргі кезде бұл категорияның негізгі шығу көзінің мәнділігін табу өте күрделі.

---

Т. Б. Любимованың жұмысында «Парсонстың жүйесінде» «құндылықтар бағдары» термині негізгі мәнге ие. Бұл терминді Парсонс әрекет теориясында тікелей негізгі бағдарлар, жағдайлар және қайраткер түсініктерінен кейін енгізеді. Аналитикалық тұрғыдан бағдарлар ситуацияға байланысты екі категорияға бөлінеді: мотивациялық бағдар және құндылық бағдар. «Құндылық бағдар» нормаларды стандарттар, орындауға таңдау критерийлеріне көңіл аударды. Бұл екінші реттік бағдар болып табылады

У. Л. Колб бұл түсініктің әлеуметтануға енуін У. Томас және Ф. Знанецкидің есімдерімен және еңбектерімен байланыстырады: «Авторлар үшін құндылық қоғамдық топ үшін мазмұны және мәні бар кез келген зат болып табылады. Бағдарлар құндылықтарға деген топ мүшелерінің субъективті жан табуы»



Көптеген психологтар «құндылық бағдар» түсінігіне психологиялық шешілуіне көп көңіл бөліп, индивидтің мінез – құлқын реттеу процесін қарастырады

Осындай еңбектердің бірі ретінде әлеуметтік психологияда В. Б. Ольшанскидің мақаласы жарық көрді. Ольшанский, құндылық бағдар ретінде мақсат, талпынушылық және өмірлік мұратты түсінді, оны топ санасындағы белгілі бір норма түрінде қарастырады. Ол «Топтық сананың» индивидуалды құндылық жүйесіне әсерінің болмай қоймайтындығы туралы шешімге келді: «индивидтің топ құндылығы жүйесінен индивидуалды ауытқу» мінез – құлығынан көрінеді. Бұл жағдайда топтың бақылау факторы ретінде көрінетін, оған деген коллективтегі қарым – қатынасты анықтайды. Бұл қарым – қатынас жағдайға байланысты адамның құндылық бағдарын өзгертетін детерминант ретінде де көрінуі мүмкін

Автордың құндылық бағдар мәселесін қолданбалы міндеттермен байланыстыруға талпынысын байқауға болады. Бұл бағыт қоршаған орта адамдарының немесе топтың жеке тұлғада құндылық бағдар жүйесінің сапалы құралдарының қалыптасуына әсерінің оң жақтарын ұйымдастырудың маңыздылығы қарастырылған. Тұлғаның құндылық бағдарының психологиялық мазмұнына көңіл бөлген, оның еңбекке деген қатынасын анализдеген

Көптеген өмірлік сұрақтар шешілетін көз қарастағы адамдардың ойлары мен сезімдері көрінетін тұлғалық құрылым компоненті. Бұл зерттеушілер құндылық бағдарды тұлғаның мінез – құлқы мен қоршаған ортаға қарым – қатынасын анықтайтын маңызды құрылымдық компоненті ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, құндылық бағдар түсінігі психологиядағы қолданылатын бағдар, қажеттілік және қызығушылық түсініктеріне жақын

Әлеуметтік психологияда тұлғаны зерттегенде әлеуметтік бағдар проблемасы маңызды орын алады. Егер де әлеуметтану процесі – жеке адам әлеуметтік тәжірибені қалай игереді, оны белсенді түрде қалай қайта жаңғыртатынын ғана түсіндірсе, Тұлғаның әлеуметтік бағдарын қалыптастыру осы игерілген әлеуметтік тәжірибені жеке тұлға қалай пайдаланады, оның нақты іс – әрекеттері мен қылықтарына ол қалай көрінеді деген сұрақтарға жауап береді



Әйгілі грузин психологы Д. Н. Узнадзе мектебінде «бағдар» арнаулы зерттеу мәселесі ретінде қарастырылды. Бірақ Узнадзенің «бағдары» әлеуметтік бағдардан басқаша ұғым. Негізінен, бағдар ұғымы – адамның қарапайым физиологиялық қажеттіліктерін өтеуімен байланысты. Әлеуметтік бағдар ұғымына жақынырақ тұрған ұғымдар: адамның кез – келген нәрсеге өзіндік көз қарасы (И.Н. Мясичев), адамның әлеуметтік ортаға позициясы (Л. И. Бажович), бағыттылығы, «Жеке адамдық мәні» (Л. И. Бажович)

А. Г. Здравомыслов және В. А. Ядов өздерінің кейінгі жұмыстарында Д.Н. Узнадзе құндылық бағдар түсінігін қарастырмағанын анық көрсете алды. Бірақ тағы мазмұны бойынша оның концепциясында құндылық бағдарды қандай да бір нақты жағдайда мінез – құлықтың типіне берілетін психологиялық бағдар ретінде сипатталады

Аталған авторлар Узнадзенің бағдар теориясына құндылық бағдарды ашу үшін арнайы зерттеулер жүргізді. А.Г. Здравомыслов және В. А. Ядовтың пікірінше, шегенделген бағдарлардың ішінде маңызды орынды әлеуметтік бағдар алады, яғни олардың зерттеулерінің потенциалды пәні болып табылатындар. Бұлар әлеуметтік жүйедегі мақсаттар мен іс-әрекет құралдар бағдары. «Құндылық бағдар» проекциясын тікелей бағдарлау мүмкін емес. Классикалық психологиялық түсінік тек қана эвристикалық, метафорикалық, жазбалы түрде қолданылуға болды. Ол кейбір мүмкін болар психологиялық контекст анализіне көрсеткіш қызметін атқарды. Екі реттегі түсінік: әлеуметтік – психологиялық – құндылық бағдары және жалпы психологиялық бағдар және фиксацияланған бағдар – тек қана параллельді болды, бірақ бір жүйеге координацияланған емес





## **Қызығушылықтың бағыттылығына адамның бейімділігі**

**мен қабілеттілігінің тигізетін әсері көп.** Қызығушылықтың әлеуметтік мәні Тұлғаның болашаққа деген бағдары, яғни әлі анықталмаған, бастан кешірілмеген болашақты зерттеу. Тек қана жаңа ғана қызықты бола алады, ескі, бұрыннан белгілі, тіпті бастан кешірілген көңіл көтеру, алданыштың өзі жаңа бір түрмен байланысын, қызығушылығын азайтады және нервті – психикалық шаршауға әкеледі.

Бірақ қызығушылықты барлық жаңа әкелмейді, тек қана белгілі адамның іс – әрекеті үшін мәні барлар ғана қызықты болады. Мысалы, жоғары математикадағы қандай да бір жаңалық генинженерді қызықтыруы мүмкін, бірақ өнер адамы үшін ол қызықсыз болуы мүмкін. Сондықтан қызығудың тууы үшін міндетті шарт – белгілі бір іс – әрекеттегі практикалық іс тәжірибе мен білім болып табылады. Таным қызығушылықтары жаңа қажеттіліктердің қалыптасуына әсерін тигізеді. Мысалы, жаңа заттарға, іс – әрекет түрлеріне, өзіне, адамдарға қарым – қатынасы және т.б. Бүгінгі күні тек қызықты болып көрінетіндердің өзі ертеңгі күні қоғам үшін, іс – әрекетті жаңаша өңдендіретін маңызды қажеттіліктерге айналуы мүмкін. Сонымен, өмірге, қоғамға, мәдениетке және оның құндылықтарына деген қызығушылық – бұл Тұлғаның қоғамдық қажеттіліктерді тұлғалық қажеттіліктерге айналдырып, қызығушылықтарды иемденуі.



Қызығушылықтар өзара бір келкі емес объективті құндылықпен ерекшеленеді. Кейбіреуі қоғам үшін маңызды, олар оқудағы белсенділіктің артуына немесе іс – әрекеттегі табыстылыққа әкеледі, ол кейбіреулерінің керісінше құндылық мәні аз және зиянды, мысалы карта ойынына деген, компьютерлік, азартты ойындарға деген қызығушылық. Қызығушылық классификациясы оның қоғамдық мәнділігіне және мазмұнына байланысты – заттың объективті құндылық түрінде бөлінеді



Адам үшін субъективті қызығушылық әр түрлі қызығушылықты тудырушы күшпен, ұзақтығымен және мақсатқа бағыттылығымен ерекшеленеді. Әрекетті қызығушылықтар адамның қызығушылық тудырған сферасындағы іс – әрекетпен айналысу. Адам кейде бір нәрсеге қызығушылық тудырған сферасындағы іс – әрекетпен айналысуы. Адам кейде бір нәрсеге қызығушылық тудыруы мүмкін, бірақ пассивті бақылаушы рөлінде қалады, яғни сыртқы қызығушылықпен ғана шектеледі. Бұндай қызығушылық әрекетсіз қызығушылық болып табылады



Сонымен бірге қызығушылық тұрақты болады, яғни адамның зейіні мен ойын оятатын, ұзақ уақыттық қызығушылық. Күшті әрекетті қызығушылықтар әрекетте құндылыққа айналады. Қызығушылықтың жиі ауысуы керісінше, нақты өмір жасы белгіленбеген адамдарда тұрақсыз қызығушылықтың көрініс беруі мүмкін



Қызығушылықтың бағыты қалыптасуында белгілі бір талаптарды есепке алған жөн. Болашақ қызығушылық объектісі туралы қажетті білімдер берілуі қажет: заттар, құбылыстар, әрекеттер, қызығушылық объектісінің тартымды жағдайларда көрінетін, жаңа түрде, интеллектуалды таңдану сезімін тудыратын және т.б.

---

## Тұлғаның қызығушылық бағыттылығының ерекше сипаты:

белгілі іс – әрекет түріндегі және біліміндегі топ өрістегі олардың шектелуі (мысалы, медицинаға қызығушылық және оның жекелеген бөліміне деген қызығушылық; техникаға деген қызығушылық немесе оның ішінде электроника немесе автомашинаға және т.б.);

іс – әрекеттегі операциялар және мақсаттың нақтылығының үлкенділігі;

берілген арнайы саладағы адамның білімінің кеңеюі және тереңдеуі;

берілген саладағы адамның таным процестерінің белсенділігі ғана емес, сонымен бірге шығармашылығының да көрінуі;

сәйкес іс – әрекетпен ұзақ уақыт айналысуға әкелген өзіндік эмоцианалды қанағаттанушылық

---





Қызығушылық, бағдар, мотив және индивид құндылықтарының күші мен бағыттылығы тұлға дамуының маңызды аспектісі. Бұл қасиеттер оның білімі мен мамандану деңгейіне, басқа адамдармен қарым – қатынас, қанағаттанушылығына жеке басқа да оның өмірінің маңызды кезеңдеріне әсерін тигізеді. Әсіресе өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қызығушылық аспектісі қазіргі біздің қоғамымыздың айналысатын өзекті мәселелерінің бірі болуы тиіс. Бұл тақырып өте күрделі және өзін бірнеше аспектілерді: бұл жас ерекшелік психологиясы, тәрбиелеу мен оқытудың әлеуметтік – психологиялық мәселелері, жанұя мен ұжымның әсері т.б. көптеген мәселелер

Қазіргі жастардың қызығушылықтарының жіктелуі. Кез – келген іске терең әуестенушілікпен байланысты интеллектуалды – эстетикалық қызығушылық (музыкаға, бейнелену өнеріне, радиотехникаға, ежелгі тарихқа, гүлдер, құстар өсіруге). Бұл топқа әрдайым жаңалық ойлап табуды немесе құрастыруды ұнататын адамдар жатады. Бұл істер жиі басқалар үшін, әсіресе ересектер үшін қажетсіз және үйреншікті емес болып көрінеді. Бірақта жеткіншектің өзі үшін олар өте қызықты және маңызды болып көрінеді, шын мәнінде олар басқалардың көзқарастарына көңіл бөлмейді. Өздері үшін қызықты іспен айналысқан жеткіншектер кей кезде оқуды және басқа істерді тастап тіпті бүкіл уақытын таңдаған ісіне бөледі

Өзінің күшін шыдамдылығын  
нығайту, қандай да бір мануальды  
дағдаларды иелендіру ниетімен  
байланысты дене – мануальді  
қызығушылықтар

Жинақтаушы қызығушылық – бұл  
негізінен барлық түрлердің  
коллекциясы. Кез – келген  
коллекция белгілі шамаға жеткенде  
материалдық құндылық болып  
саналатындығын ескере отырып,  
бұл қызығушылықтың негізінде  
материалдық құндылықтарды  
жинақтауға деген бейімділіктің  
жатқаны көрінеді

Жетекшілік қызығушылықтар  
басқаруға, ұйымдастыруға,  
басқаларды бағыттауға болатын  
жағдаяттарды іздестіруге әкеледі,  
тіпті егер бұл кездейсоқ сәттермен  
немесе күнделікті өмір  
оқиғаларымен болса да



Азартты еліктеушілік – карталық ойындар, хоккей және футбол матчтарында ақша қойып ойнау, ақшаға бәстесу, спорт лотоға еліктеу және т.б. Еліктеушілік түрлері ауысуы мүмкін, бірақ олардың әрбіреуі азарт сезімімен жүреді

Информативті – коммуникативті қызығушылықтар – критикалық интеллектуалды өңдеуді қажетсінбейтін жеңіл мәліметтерді алуға құмар адамдар арасында пайда болады. Мәліметтерді алмасу – үстірт қатынастар жасауға деген қажеттілікті тудырады

Сонымен, қызығушылықтар тұлғаның бағыттылығының мотивациялық сферасының негізгі құрылым бөлігі бола отырып, қажеттіліктер формасында көрінеді. В.Н. Мясичев қызығушылықтарды жеке тұлға қажеттіліктерімен тығыз байланыстырып, қажеттіліктер заты реалды иемдену тенденциясына ие болса, ал қызығушылықтардың затқа деген танымдық қарым – қатынасын көрсетеді



Жалпы әдебиеттерде қызығушылықтарды классификациялауда әр түрлі негіздегі көптеген тұжырымдар бар. Солардың бірі – іс әрекет формасына байланысты – ойындық, танымдық және мамандану қызығушылықтары ретінде көрінеді. Бірақ, барлық қызығушылықтар танымдық болып табылады.

Мамандыққа қызығушылық ретінде Тұлғаның мамандыққа әлеуметтік – психологиялық рөлге деген бағыттылығын қабылдау керек. Қызықтау мен тұрақты мамандыққа қызығушылықты айыра білу қажет. Оларды айыру критеріі – ақпаратты: мамандыққа тұрақты қызығушылық жан – жақты объективті ақпаратқа негізделген, ол қызықтау – мәнді, бірақ шектелген ақпаратқа негізделеді. Сонымен бірге мамандыққа қызығушылық мамандықтың мәнді жақтарына деген мәнділікпен сипатталады: заттылығы және еңбек шарты, мамандыққа даярлық. Жастарда мамандануға қызығушылық ондағы танымдық қызығушылықтар негізінде құралады және онымен тығыз байланысты болады.



Қызығушылықтың психологиялық түсінігі өте көп мәнді, бірақ соған байланысты арнайы ерекшеліктер қатары бар. Ең алдымен қызығушылық таныммен, танымдық іс – әрекетпен тығыз байланысты. Г.И. Щукинаның пікірінше, танымдық қызығушылық Тұлғаның таңдамалы таным аймағына қатысты, оның заттық жағына және білімге ие болу процесіне бағыттылығы ретінде көрінеді. Танымдық қызығушылық «оқытудың кең әлеуметтік түрткілері» негізінде пайда бола отырып, яғни оқу іс – әрекетінің әлеуметтік шартталған мәнділігі түрткілерімен даму үрдісінде мәнді өзгереді. Көптеген зерттеушілер қызығушылықтың дамуының үш сапалы спецификалық этапын бөліп көрсетеді



Диффузды, немесе оморфты қызығушылықтар дамудың бірінші этапын құрайды. Бұндай қызығушылықтар оқушыларда уақытша пайда болатын эпизодты бастан кешіру, қызықты сабақтың аяқталуына байланысты өшеді немесе сабақ үстіндегі жекелеген қызығушылық кезеңдерде болуы мүмкін

Диффузды, төменгі сынып оқушыларының нашар аңғарылатын таным түрлерімен байланысты қызығушылықтарының орнына, қызығушылық дамуының екінші этапын құрайтын жан – жақты дамыған оқушының ситуативті таным қызығушылығы келеді. Бұл қызығушылықтар өзінің мазмұнының кеңділігімен ерекшеленеді. Ситуативті кең қызығушылықтар кіші жеткіншектерге тән. Бұл жас кезеңінде таным қызығушылықтарының көрінуі өте ұшқыр; негізгі жеткіншектік шақ танымдық елігу кезеңі болып саналады

Жоғары сыныптарда қызығушылықтың дамуы белгілі бір білім саласына тұрақталып, тереңдеп және шоғырланады. Тұлғалық, орталықты қызығушылар пайда болып, қызығушылықтың аяқталушы үшінші этапын анықтайды. Бұл қызығушылықтар тұлғалық мәнділікті және тұрақтылықты көрсетеді. Орталықты қызығушылықтар тұрақты танымдық қажеттіліктер ретінде көрініп, оқушының бүкіл өмірлік бейнесін өзгертеді. Орталықты қызығушылықтар тұлғаның қызығушылық аймағын маманданған іс – әрекетпен айналысу талпыныстарымен байланысты болып келеді.

# БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Қажеттіліктердің психологиялық жағдай екендігінің ерекше сипаттамаларын атаңыз.
2. «Құндылықтар бағдары» қандай пәндер қақтығысында пайда болды?
3. Д.Н. Узнадзе құндылық бағдар түсінігін қарастырмағанын анық көрсете алған ғалымдарды атаңыз.
4. Мануальды қызығушылық дегеніміз не?
5. Г. И. Щукинаның танымдық қызығушылыққа қатысты пікірі қандай?



# ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

1. Әлеуметтік психологияда тұлғаны зерттегенде қандай проблема маңызды орын алады?

А) құндылық проблемасы В) бағдар проблемасы С) қажеттілік проблемасы

2. Қай мектепте «бағдар» арнаулы зерттеу мәселесі ретінде қарастырылды?

А) Д. Н. Узнадзе мектебінде В) Аристотель мектебінде С) Г. И. Щукина мектебінде

3. Таным қызығушылықтары ненің қалыптасуына әсерін тигізеді?

А) жаңа қажеттіліктердің В) темпераменттің С) құндылықтардың

4. Тұлға дамуының маңызды аспектісі?

А) Қызығушылық, бағдар В) мотив және индивид құндылықтарының күші мен бағыттылығы С) барлығы дұрыс

5. Қызығушылықтар немен ерекшеленеді?

А) субъективті құндылықпен В) өзара бірдей объективті құндылықпен С) өзара бір келкі емес объективті құндылықпен

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**